

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ХАЛЫҚАРЛЫҚ ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫ



БІКІТІЛДІ
Халықаралық Тараз инновациялық
институт ректоры, ф.ғ.д., профессор/
Е.Б.Саурыков
2021 ж..

ПРОФЕССОР- ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫНЫҢ ЖҰМЫС УАҚЫТ
БЮДЖЕТІН ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ЕСЕПТЕУ ЕРЕЖЕСІ

Тараз-2021

АЛҒЫ СӨЗ

1. ӨЗІРЛЕНГЕН ЖӘНЕ ЕНДІРІЛГЕН/

Академиялық саясат басқармасы

2. ӨЗІРЛЕУШІЛЕР

Бірінші проректор
А. Абдуалы

Академиялық саясат басқармасы бастығы
Г.А.Кабылбаева

Ішкі сапаны қамтамасыз ету бөлім бастығы
Д.К.Акимова

3. КЕЛІСІЛГЕН

Ғылым, инновация және халықаралық
байланыстар жөніндегі проректоры
С.Д. Тажибаев

Тәрбие және әлеуметтік
жұмыстар жөніндегі проректоры
Г.К. Кулабекова

3. ИНСТИТУТЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІНДЕ ҚАРАСТЫРЫЛҒАН ЖӘНЕ БЕКІТІЛГЕН
№ 9 « 22 » 04 2021 ж.



1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл ереже төменде көрсетілген құжаттардың негізінде жасалынды:

1.1 2007 жылғы 27 шілденің № 319-III ҚР бұйрығымен бекітілген «Білім туралы» заңы.

1.2 "Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 563 бұйрығы.

1.3 Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы (өзгерту енгізілді-ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 ж. № 182 Бұйрығымен).

1.4 Тиісті үлгідегі білім ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы (өзгерту енгізілді-ҚР Білім және ғылым министрінің 18.05.2020 ж. № 207 Бұйрығымен).

1.5 "Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 05.06.2020 ж. № 231 бұйрығы.

2. МАҚСАТЫ

Аталған ереженің мақсаты Халықаралық Тараз инновациялық институтының оқу-жүктеме жұмыстарының түрлеріне байланысты профессор-оқытушылар құрамының жұмыс уақытын есептеу және жоспарлауды реттеу болып табылады.

3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Бастапқы жұмыс уақыты бюджетін есептеу үшін оқытушының жұмыс уақытының жылдық көлемі -1760 сағат, (44 апта, 8 апта – еңбек демалыс) 40 сағаттық жұмыс аптасы негізінде. Бұл уақыт оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, ұйымдастыру-әдістемелік және тәрбие жұмыстарына бөлінеді және профессор, доцент, аға оқытушы, оқытушы құрамының барлық санаттары үшін дифференциаланады.

Профессор-оқытушылар құрамының жұмыс уақыты бюджетін есептеуде төмендегілерді ескеру қажет:

1. Оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және тәрбие жұмысының барлық түрін орындау қажеттілігін есепке ала отырып және еңбекақы төлеу қорынан шығатын профессор-оқытушылар жұмыс көлемін институт ректоры белгілейді.

2. Оқытушылардың жылдық орта оқу жүктемесі бекітілген профессор-оқытушылар құрамы штаты және институтының оқу жүктемесінің жылдық көлемінің негізінде анықталады.

3. Ректор кафедраның бағыты және ерекшелігіне байланысты олардың жұмысына сәйкес бөлінген уақыт көлемін дифференциялауға құқығы бар.

4. Кафедра бойынша бөлінген штаттың жылдық оқу жұмысының толық көлемінде орындалуына кафедра меңгерушісі жауапты.

5. Кафедра меңгерушісі жұмыстың барлық түрінің сапалы орындалуын қамтамасыз ету мақсатында оқытушылар арасында оқу жүктемесін қайта бөлуге құқылы. Оқу - әдістемелік, ғылыми-зерттеу жұмыстары ұлғайса, оқытушының оқу жұмысы кемуі мүмкін және керісінше.

6. Ғылыми жұмыстың уақыт көлемін толық пайдалану мүмкіндігі жоқ кафедра оқытушылары үшін сәйкесінше оқу жұмысы уақытының көлемі ұлғайтылады.

7. Кафедра және оқытушылар үшін бюджетіне өзгеріс енгізілуі мүмкін: оқу жүктемесінің азайтылған көлеміне сәйкес, оқу-әдістемелік жұмыстар уақыты көбейеді.

8. Мемлекеттік бюджет тақырыптамасы бойынша ғылыми-зерттеу және оқу-әдістемелік жұмысқа кеткен уақыт жылдық жұмыс уақыт көлемінің айырмасы ретінде анықталады. (1760 сағат). Оқу-әдістемелік жұмысының көлемі ғылыми-зерттеу жұмысы есебінен ұлғаюы мүмкін және керісінше.

9. Оқытушының қосымша төлемақыға жататын шаруашылық есептегі және қосымша төленетін кез-келген жұмыстарға қатысуы жоғарыда аталған уақыт көлемінен тыс, оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу жұмыстарына қолданылатын талаптардың толық орындалуы жағдайында жүзеге асырылады.

10. Оқытушының жеке жұмыс жоспары келісім-шарт уақыты бойынша әр оқытушының жұмысын анықтайтын негізгі құжат болып табылады.

11. Оқытушының жеке жұмыс жоспары кафедра мәжілісінде қаралады және меңгеруші оны бекітеді. Кафедра меңгерушісінің жеке жұмыс жоспарын факультет деканы бекітеді. Факультет деканының жеке жұмыс жоспарын – бірінші проректор бекітеді.

12. Жыл ағымында жеке жұмыс жоспарында өндірістік қажеттілікке байланысты өзгерістер болса тек кафедра шешімі негізінде енгізіледі.

13. Сабаққа келмей қалған оқытушылардың орнын уақытша алмастыру, жеке жұмыс жоспарына өзгеріс енгізусіз жүзеге асырылады.

14. Оқу жылының соңында жеке жұмыс жоспарында нақты орындалған жұмыстар белгіленеді.

4. ОҚУ ЖҰМЫСТАРЫ

4.1 Институтта төменде көрсетілгендей келесі оқу түрлері белгіленеді:

- дәріс;
- семинарлар;
- практикалық сабақтар;
- студиялық сабақтар;
- зертханалық жұмыстар;
- студенттің өзіндік жұмысы;
- оқытушының басқаруымен студенттің өздігінен жұмысы;
- кәсіптік тәжірибе (оқу, оқу-таныстыру, педагогикалық, археологиялық, далалық, өнеркәсіптік, диплом алдындағы және т.б.);
- курстық жоба (жұмыс);
- диплом жобасы (жұмысы);
- ғылыми-зерттеу жұмыстар.
- магистрлік диссертация.

4.2 Институтта оқу жұмыстарымен қатар бақылау шаралары қарастырылады: ағымдық бақылау, аралық бақылау, мемлекеттік қорытынды аттестация.

5 АКАДЕМИЯЛЫҚ АҒЫН ЖӘНЕ ТОПТАРДЫҢ АУДИТОРИЯЛЫҚ ОҚУ ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІН ЖОСПАРЛАУ РЕТІ

5.1 Оқу жұмысына мыналар жатады:

- аудиториялық жұмыс: дәрістер, семинарлар, практикалық, студиялық сабақтар, зертханалық сабақтар;

- аудиториядан тыс жұмыстар: кеңес беру, кәсіби практика, курстық жұмыс (жоба), дипломдық жұмыс (жоба), білім алушының өзіндік жұмысы, оқытушының жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы.

5.3 Дәріс сағаттары курстың барлық студенттерін қосатын ағынға есептелінеді. Дәріс сабақтарды жоспарлау академиялық ағындарға жүзеге асырылады, олардың толықтырылуы 80-100 адамнан аспайды. Академиялық ағындар мен академиялық топтар оқу пәндері мен оқытушыға жазылу қағидаты бойынша құрылады. Академиялық топтар тілдеріне байланысты топталады. Ал семинарлар, тәжірибелік сабақтар, академиялық топтарға (топта 30-35 білімгерге дейін) байланысты жоспарланады. Бейнелеу өнері және сызу, Көркем еңбек және жобалау, Шет тілі: екі шет тілі Білім беру бағдарламаларының (мамандықтарының) бірқатар арнайы пәндері бойынша практикалық сабақтар кіші топтар бөлінісінде жоспарланады. Зертханалық, студиялық сабақтар 20 студентке дейін, ал консультация академиялық топтарға жоспарланады. Оқытушының басқаруымен студенттің өзіндік жұмысы академиялық ағынға жоспарланады

5.4 Кредиттік жүйемен оқыту кезінде академиялық ағындар мен топтар, оқытушыға және оқыту пәндеріне жазылу принципі бойынша қалыптасады.

5.5 Қорытындылау аттестацияны Аттестациялау комиссиясы жүргізеді:

- кешенді емтихан тапсыруға күніне - 15 адамға дейін (ауызша және жазбаша түрінде), 60 адамға дейін (тест түрінде) жіберіледі.

- диплом жұмысын (жобасын) қорғауға – 1 күнде 10 адамнан жіберіледі.

6 ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОҚУ - ЖҮКТЕМЕСІН ЖОСПАРЛАУ

6.1 Дәрістер ғылым докторы және (немесе) ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі, философия докторы (PhD) және (немесе) бейіні бойынша доктор дәрежесі, ғылыми атақтары (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор), сондай-ақ тиісті ғылымдар магистрінің академиялық дәрежелері бар оқытушыларға және (немесе) аға оқытушыларға жоспарланады (ТЕ 16-тармағы).

Институт ғылыми қызметкерлерді, еңбек сіңірген мәдениет, өнер, спорт қайраткерлерін, шығармашылық одақтардың мүшелерін немесе тиісті қызмет саласының.

Жоғарғы оқу орындарында дәріс оқуға өнеркәсіптен және осы салаға сәйкес орындардан тәжірибелі мамандар шақырылады. Семинар, тәжірибелік және зертханалық сабақтарды оқытушыларға жоспарланады.

Профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық жүктемесін жоспарлау академиялық сағаттарда және/немесе кредиттерде жүзеге асырылады. Бұл ретте аудиториялық сабақтардағы педагогикалық жүктеме 1 академиялық сағат 50 минутқа тең деген норманы негізге ала отырып есептеледі.

Оқытушының оқу жұмысының түрлері бойынша педагогикалық жүктемесін жоспарлау кезінде негізге бір кредит алынады:

а) 1 академиялық кредиттің еңбек сыйымдылығы 30 академиялық сағатқа сәйкес келеді;

б) аудиториялық жұмыстың көлемі дәрістердің, семинарлардың, практикалық, зертханалық сабақтардың байланыс жұмысының академиялық сағаттардың жалпы санының 30%.

Білім алушының аудиториялық және өзіндік жұмысының арақатынасы 1:2 құрайды.

6.2 Практиканың ұзақтығы аптамен анықталады, яғни уақытпен. Осы мақсатта практикадағы кредит көлемі академиялық сағаттағы тиісті практика түрінің жұмыс көлеміне көбейтіледі және студенттің апта бойындағы практикадағы жұмысының ұзақтығына бөлінеді, яғни 30 сағат.

6.3 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі бар студенттердің диплом жұмыстарына (жобаларына) жетекшілік ететін Ұлттық біліктілік шеңберінің 8 деңгейіне сәйкес келетін тиісті бейін бойынша оқытушыларды және (немесе) мамандарды басқаруды жүзеге асыру.

Біліктілік талаптарына сәйкес келетін бір оқытушының дипломдық жұмыстарына (жобаларына) және магистрлік диссертацияларына ғылыми жетекшілік ету сан жағынан шектелмейді.

Дипломдық жұмысты жоспарлау белгіленген мөлшер және оларды жазуға бөлінген кредиттерді есептеуден жүзеге асырылады. Дипломдық жұмысты жазуға белгіленген уақыт кредитпен алғандағы дипломдық жұмысы 24 академиялық сағатқа көбейтіліп анықталады.

6.4 Штаттағы бір оқытушыға "Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы" ҚР БҒМ бұйрығына сәйкес жоспарлауға рұқсат етіледі.

ҚБТ бойынша сағат көлемін есептеу кезінде студенттер контингентін ескеру қажет, жүктеме 5 және одан аса саны студенттер тобына аудиториялық жүктеменің 30-50% есептеледі.

5 адамнан төмен тобына сағаттық төлем бойынша есептеледі.

ОСӨЖ сағаттары ПОҚ педагогикалық жүктемесіне кірмейді.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОҚУ ЖҮКТЕМЕСІН ЖОСПАРЛАУ ҮШІН
ОҚУ ЖҰМЫСЫ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ ШАРАЛАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША
УАҚЫТ МӨЛШЕРІ**

№	Жұмыс түрлері	Жүктемеге кіретін сағат саны	Ескертпе
1	Лекция	1 академиялық 1 байланыс сағатына тең (50 минут)	Академиялық лек толымдығы 30 және одан көп адам
2	Семинар, практикалық сабақ	1 академиялық 1 байланыс сағатына тең (50 минут)	Академиялық лек толымдығы 30 адамға дейін
3	Зертханалық сабақ	1 академиялық 1 байланыс сағатына тең (50 минут)	Зертханалық сабақ толымдығы 12-15 адам. Топ екіге бөлінеді, егер студент саны 25-30-тен жоғары болса.
4	Студиялық сабақ	1 академиялық 1 байланыс сағатына тең (50 минут)	Студиялық сабақ толымдығы 12-15 адам. Топ екіге бөлінеді, егер студент саны 25-30-тен жоғары болса.
5	Кәсіби практикаға жетекшілік	1 студентке аптасына 1 сағат. 1 кредитке келетін практиканың ұзақтығы аптамен есептегенде: оқу практикасы, педагогикалық практика, өндірістік практика – 1 апта.	Практиканың 1 кредитінің еңбек сыйымдылығы оқу практикасы, педагогикалық практика, өндірістік практика үшін 30 сағатты(50 минуттан) құрайды.
6	Дене тәрбиесі	1 академиялық сағат (1 Байланыс сағатына тең-50 минут)	Академиялық лек толымдығы 60-90 адамға дейін
7	Диплом жұмысқа ғылыми жетекшілік	24 сағат 1 студентке	"Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы" ҚР БҒМ бұйрығына сәйкес
8	Магистрлік диссертацияға ғылыми жетекшілік	34 сағат 1 магистрантка	Ғылыми-зерттеу жұмыстарының сағат көлемінде
9	Магистр ғылыми-зерттеу жұмысқа ғылыми жетекшілік	1 магистрға аптасына 1 сағат. 1 кредитке (30 сағат) келетін ғзж ұзақтығы аптамен есептегенде – 1 апта.	Ғылыми-зерттеу жұмыстарының сағат көлемінде
10	Магистр эксперименталды-зерттеу жұмысқа ғылыми жетекшілік	1 магистрға аптасына 1 сағат. 1 кредитке (30 сағат) келетін ғзж ұзақтығы аптамен есептегенде – 1 апта.	Ғылыми-зерттеу жұмыстарының сағат көлемінде
11	МАК жұмыстарына	5 акад. сағат МАК	0,5 сағат 1 білім алушыға

	қатысу	мүшелеріне(бакалавриат); 6 акад. сағат МАК мүшелеріне (магистратура)	МАК төраға мен әр мүшелеріне
12	МЕК жұмыстарына қатысу	0,5 сағат 1 емтихан тапсырушысына МЕК төраға мен әр мүшелеріне	МЕК мүшелерінің саны 7- дейін болу тиіс; жұмыс уақыты 6 сағаттан аспауы тиіс
13	Курстық жұмысты қабылдау	0,2 академиялық сағат 1 студентке	Курстық жұмыс пәнге бөлінген сағат көлемінде орындалады. Консультациялар ОСӨЖ сағат есебінен жүргізіледі.
14	Кафедра жетекшілік	50 сағат жылына 100 сағат жылына	ПОҚ саны 20-ға дейін ПОҚ саны 20 және одан жоғары

Оқу-әдістемелік жұмыстарды есептеу үшін уақыт мөлшері

№	Жұмыс түрлері	Уақыт Мөлшері (сағат)	Ескертпе
1	Алғашқы рет өткізілетін сабаққа дайындалу: -дәрістік -тәжірибелік -зертханалық	3 2 1	Уақыт мөлшері бір сабаққа көрсетілген
2	Қайталанып өткізілетін сабаққа дайындалу: -дәрістік -тәжірибелік -зертханалық	2 1 0,5	Уақыт мөлшері бір сабаққа көрсетілген
3	Әдістемелік құралдар, нұсқаулар, дәріс конспектілер, есептер мен жаттығулар жинақтары, зертханалық практикумдар, пәндер бойынша жеке әдіснамалар, курстық пен дипломдық жұмыстарды жазу бойынша әдістемелік құжаттарды және басқа оқу-әдістемелік құжаттарды әзірлеу, жазу, шығаруға дайындау	25	Бір басылым бет. Жұмыс авторлық ұжыммен жасалған жағдайда сағат саны барлық авторларға бөлінеді
4	Түрлі дидактикалық материал дайындау: плакаттар, көрнекті құралдар, таратпа материалдар, слайдтар, голограммалар және т.б. Оқу фильмдерінің сценарийлерін құрастыру.	60	Пән бойынша бір комплект. Жұмыс авторлық ұжыммен жасалған жағдайда сағат саны барлық авторларға бөлінеді
5	Тест жинағын әзірлеу	100-дейін	500 тест
6	Тест жинағын өңдеу	25-дейін	Тесттердің 20%-дан кем емес өңделуі
7	Дәстүрлі түрде емтихан қабылдау үшін, алғашқы рет құрастырылатын, емтихан билеттердің комплектін әзірлеу	25	25 билеттен кем емес
8	Дәстүрлі түрде емтихан қабылдау үшін емтихан билеттердің комплектін өңдеу	5	
9	Қазақ тіліне әдістемелік материалдарды аудару	3	Мәтіннің бір баспа беті
10	Әдістемелік нұсқаудың экспертиза және рецензиясы	3	Бір баспа бет
11	Жаңа зерханалық жұмыстың қойылуын орындау	150-дейін	Зертханалық бағдарлау және жұмысты өткізуге әдістемелік нұсқау
12	Қолданыстағы зерханалық жұмыстардың модернизациясы	40-дейін	Бір жұмыс

13	Ғылыми-әдістемелік конференцияға баяндама дайындау	30	
14	Көрме мен конкурсқа қатысатын студенттің оқу жұмысқа жетекшілік	25-дейін	Бір жұмыс
15	Жаңа білім беру бағдарламасы/мамандық бойынша жұмыс оқу жоспарын әзірлеу	50	Бір жоспарға барлық орындаушыларға
16	Жұмыс оқу жоспарын өңдеу	20	Бір жоспарға барлық орындаушыларға
17	Жаңа пәндер бойынша жұмыс бағдарламаларды құрастыру	30	1 кредитке
18	Қолданыстағы пәндер бойынша жұмыс бағдарламаларды қайта қарастыру	10	1 кредитке
19	Оқу бағдарламаларды құрастыру	15	1 кредитке
20	Іскер ойын өткізу бойынша оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу	10	Ойынның 1 сағатына
21	Өндірістік ситуациялардың шешімі бойынша оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу	20	1 сабаққа
22	Видеолекция сценарийін әзірлеу	20	1 лекция
23	Ақпараттық технологиялар негізінде бағдарламалы-әдістемелік қамтамасыз етуін әзірлеу (есеп, бағдарламалар, бағдарламаны баптау және т.б.)	50	Бір бағдарлама
24	Өзара қатысу тұрғыдан кафедра менгерушілері мен басқа оқытушылардың оқу сабақтарына қатысу	1,5	1 сабаққа қатысу Кафедра менгерушілеріне 30 сағатқа дейін, оқытушыларға 6 сағатқа дейін есеп ұсынумен қоса
25	Эдвайзердің жұмысын атқару	100	1 оқу бағдарламаға

Ғылыми-зерттеу жұмыстарды есептеу үшін уақыт мөлшері

№	Жұмыс түрлері	Уақыт Мөлшері (сағат)	Ескертпе
1	Мемлекеттік бюджет жоспары бойынша ғылыми-зерттеу жұмысты жасау, енгізу туралы келісім-шарттар және т.б.: - ғылыми жетекшісіне - жауапты орындаушыға - орындаушыға	50 40 35	Бір тақырыпқа
2	Жариялау (публикация): - монография - шетелдерінің баспаларында - республика ғылыми журналдарында, арнаулы ғылыми басылымдарында және ЖОО жинақтарында	30 30 20	1 баспа бет
3	Оқулықтар, монография, ғылыми мақалалар мен баяндамаларды ғылыми редакциялау	5	1 баспа бет Жұмысты қосымша ақысыз орындаған жағдайда
4	Оқулықтар, монография, ғылыми мақалалар, баяндамалар, диссертациялар, конкурстық материалдарды және т.б. рецензенттеу	5	1 баспа бет Жұмысты қосымша ақысыз орындаған жағдайда
5	Ғылыми журналдар редакциялық коллегияларда, еңбек жинақтары редакциялық кенестерінде жұмыс атқару	30	
6	Кафедраның өткізуімен ғылыми семинар ұйымдастыру комитетінде, конференцияда, симпозиумда, дөнгелек үстелде және т.б. мүшелік	20	
7	Проблемалық ғылыми-зерттеу зертханалыққа жетекшілік	60	
8	Ғылыми мектептерде оқу (сертификат алуымен)	Оқу кестеге сәйкес нақты сағат	
9	Грант алу үшін материал дайындау: --халықаралық қордан -республикалық ғылыми қордан	60 40	
10	Жаңалық ашуға (изобретение) өтініш дайындау патент алумен	15 25	
11	Көрмеге экспонат дайындау:		

	-халықаралық -республикалық -облыстық және қалалық	70 40 30	
12	ҒЗЖ (НИР) бойынша декан орынбасарының жұмысы	100	
13	ҒЗЖ-ның басқа түрлері (өндіріс қызметкерлеріне консультация, зерттеу жүргізу, қорытынды құрастыру және т.б.)	Нақты жұмсалған сағат	
14	Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына жетекшілік: -ғылыми үйірме -студенттің ғылыми жұмысын басылымға дайындау (СҒЗЖ тікелей басылымға шығару) - Жұмысты Республикалық конкурсқа дайындау	50 15 20	Сабақтан тыс уақытында
15	ОҒҚ –на (оқушылардың ғылыми қоғамы) жетекшілік: -оқушыларды конференцияға, семинарға қатысуға дайындау; - оқушымен бірге басылымға дайындық; -оқушылардың ғылыми жобаларын Республикалық конкурсқа жұмыстарды дайындау; - ОҒҚ бағыты бойынша элективті лекциялар, әңгіме өткізу	15 15 30 Кестеге сәйкес нақты жұмсалған уақыт	

Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстар өткізу үшін уақыт мөлшері

№	Жұмыс түрлері	Уақыт Мөлшері (сағат)	Ескертпе
1	Кәсіби бағдар жұмыстарды өткізу	60 дейін	Кафедра менгерушінің шешімі бойынша
2	Қабылдау комиссияда жұмыс атқару: -жауапты хатшы; - жауапты хатшының орынбасары; -инженер-программист	500 300 300	
3	Кафедра, институт (факультет) Кеңесінің, ғылыми-әдістемелік Кеңесінің мәжілісіне және т.б. қатысу	2	1 мәжіліске
4	Сабақтан тыс спорттық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу: -факультет бойынша спорттық іс-шараға жауапты; -судья	30 1	Спорттың бір түріне Ітөресшілік үшін

Тәрбие жұмысын өткізу үшін уақыт мөлшері

№	Жұмыс түрлері	Уақыт Мөлшері (сағат)	Ескертпе
1	Топ кураторының жұмысы	100	Барлық іс-шараларды қосқанда
2	Студенттермен қоғамдық іс-шараларға қатысу (салтанатты жиналыстар, кездесулер, сембіліктер, парадтар, фестивалдар және т.б.)	4	Бір іс-шараға. Куратор емес оқытушылар үшін
3	Мәдени іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу (кештер, дискотекалар, қаланың сыртына шығу, тарихи жерлерге бару, театрлар, көрмелер, презентациялар және т.б.)	10	Бір іс-шараға. Куратор емес оқытушылар үшін

Ескіртпе: Қосымша 1,2,3,4,5-те тиісті бағыттар бойынша негізгі жұмыс түрлері көрсетілген.

1. Педагогикалық жұмыстардың жаңа түрлерін пайдаланған жағдайда, институт ректоры оқытушының жұмыс уақытының бюджетін есептеу үшін, жұмыстардың жаңа түрлерін енгізуге құқылы.
2. Іс-сапар, ауыру, квалификация жоғарлату мерзімдерде оқытушы барлық жүктеме түрлерінен босатылады. Осы мерзімге, оған бекітілген

оқу жүктемені кафедраның басқа оқытушылары жұмыс күні шеңберінде, ғылыми және әдістемелік жұмыстарын азайту есебінен орындайды.

Қайта келгенде оқытушыға оқу жылдың аяғына дейін қалған жүктемені 40 сағаттық жұмыс аптасының негізінде қайта бекітеді.

